

Сатылханова Гульмира Алихановнаның
«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ новеллаларындағы
детальдың көркемдік қызметі» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Тәуелсіз қазақ әдебиеті қазір барлық жанрда дамып, тақырыптық-мазмұндық тереңдігімен, көркемдік-эстетикалық қуатымен, адам болмысына ерекше назар аударып, ішкі дүниесінің нәзік иірімдерін сөз етуімен халқымыздың рухани өмірінде ерекше орын алып отыр. Рухани байлығы мен құндылықтарын дәріптеген елдің ұлттық ерекшелігі де сақталып қалады. Ұлттық ерекшелікті көрсететін басты дүние – әдебиет екені әмбеге аян.

Бүгінгі қазақ әдебиетінің, соның ішінде әдебиеттану ғылымының алдында тұрған маңызды міндеттер мен өзекті мәселелер жетіп артылады. Өзгенің таптаурын болған дүниелерін дәріптеп, шиырлап жүре бермей, тұнық бастаудан тарайтын таза бұлақ секілді, әдебиетіміздің төл дүниелерін танып, білуіміз аса маңызды болмақ. Рухани тамырымыз тереңге қанат жайғанда ғана біз жаһандану заманында жұтылып кетпей, биікке қанат қағып, өсіп-өркендейтініміз анық.

Осыған орай, қазақ әдебиетіне әдеби байланыстың негізінде келіп енген, жанрлық табиғаты ерекше, көркемдік-тағылымдық болмысы бөлек жанр – новелла. Новелла жанрының қазақ прозасындағы адамгершілік, рухани-психологиялық, қоғамдағы терең қайшылықтар мәселесі, адам мен табиғат сабақтастығы уақыт мінберінен басты орын алған ХХ ғасырдың 60-80-жылдары ерекше дамығаны байқалады. Осы кезеңде ерекше орын алған қазақ әдеби үдерісінде айрықша қарқынмен дамыған барлық жанрлар сияқты новелла жанры да кең қарқынмен дамыды. Оған сүбелі үлес қосқан жазушылар қатарында С.Жүнісов, Т.Ахтанов, Д.Әбілев, М.Әлімбаев, Н.Сералиев, О.Бөкеев, Х.Ерғалиев, И.Жақанов, Ө.Қанахин, С.Мәуленов, Қ.Найманбаев, Ә.Нілібаев, Т.Әлімқұлов, М.Сәрсекеев, Э.Төреханов, Х.Әдібаев, Ш.Құмарова, О.Әбділдабаев, К.Сегізбаев, Р.Тоқтаров, М.Мағауин, Қ.Мүсірепов, М.Шаханов, С.Шаймерденов сынды бірқатар прозаиктер есімін атауға болады. Новеллистер шама-шарқынша Ы.Алтынсарин, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, С.Ерубасев сынды алыптар салған сара жолды жалғастырып, көтерген биігін аласартпау, идеялық-көркемдік іздерін әлсіретпеу бағытында барынша еңбек етті. Новеллистер сөз өнерінің маржан тізбектерін пайдалана отырып, детальды – көркемдікті шыңдаудың, шеберлікті арттырудың құралы ретінде пайдаланды деуге болады. Көлемі шағын новелла жанрында аз сөзге салмақ салып, көп мағына жүктей білді.

Қазақ новеллаларында кездесетін детальдардың дәуір тынысы мен кейіпкер характерін өмірлік-философиялық нанымдылықпен беруде атқаратын қызметі зор. Шығармадағы түймедей бөлшек – детальды табу да, тану да оңай емес. Қазақ әдебиеттану ғылымы детальдың мәні мен оның көркемдік қызметін зерттеп, білуге әуел бастан-ақ көңіл бөлген. Дана Абайдың: «Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін, ойланшы сыртын қойып, сөздің ішін» деуі де бекер емес. Тұтас, бүтін көркем шығарма бітімі: бөлім-бөлшектерден, жеке-жеке элементтерден тұратынын ескерсек, ақын сөзінің байыбын түсінеміз. Сол сөздің ішін құрайтын көркемдік маңызды компоненттің бірі – аз сөзге көп мағына сыйғыза алатын деталь. Деталь – окшау дене емес, шығарманың бүкіл «қантамырымен өзектесіп, бауырластық тапқан» маңызды бөлшегі.

Зерттеу жұмысында ұлттық прозамызда туып, әртүрлі деңгейде даму сатыларынан өткен новеллалардың қазақ әдебиетіндегі алатын орны, ерекшелігі, пайда болу, даму жолдары жүйелі түрде қарастырылады. Новелла жанрында кездесетін деталь түрлері анықталып, олардың көркемдік қызметі сараланып, нақты мысалдар негізінде талданады. Осы мақсатта новелла жанры ғасырларға, дәуірлерге, кезеңдерге, жылдарға бөлінбей, тұтас күйінде қамтылады. Өйткені, қазақ әдебиеттануы ғылымында новелла жанры кең көлемде ғылыми зерттеу нысанына алынып қарастырылған жоқ. Ал шындығында новелла – үлкен шеберлік мектебі. Шағын дүниенің ішіне жүзіктің көзінен өткендей мөлдір дүниені сыйғызу немесе барлық жанрлық талаптарын сақтай отырып новелла жазып шығу – ірі, шебер суреткерлердің қолынан келетін дүние. Осы негізде, алға қойған мақсатымызға жету үшін ең әуелі қазақ новеллалары жинақталып, бір ізге түсірілді, қазақ әдебиетіндегі новеллистер анықталды. Бірқатар ғылыми еңбектер мен пікірлерді басшылыққа ала отырып, сонымен қатар новелланың жанрлық ерекшеліктерін назарға ұстаудың нәтижесінде қазақ новеллистикасының көшбасында Ыбырай Алтынсарин, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов сынды алыптардан бастау алатындығы пайымдалады.

Зерттеу жұмысында қазақ әдебиетіндегі новелла жанрының эволюциясына шолу жасай отыра, новелла жанрындағы детальдың табиғаты анықталып, көркемдік мәні ажыратылады, атқаратын қызметі сараланады. Новелла жанрының зерттеліп, жүйеленбегенін былай қойғанда, біздің әдебиеттану ғылымында деталь мәселесіне де қажетті деңгейде көңіл бөлінбеген. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін деталь теориясына қатысты пікір айтқан шетелдік, ресейлік ғалымдар мен зерттеушілердің теориялық-әдіснамалық, диссертациялық еңбектері қарастырылады, детальдың көркемдік қызметі жан-жақты сараланады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Ұлттық прозамызда туып, әртүрлі деңгейде даму сатыларынан өткен новеллалардың қазақ әдебиетіндегі алатын орны, ерекшелігі, пайда болу, даму жолдары, тұңғыш рет жүйелі түрде ғылыми негізде қарастырылып отыр. Өйткені, қазақ әдебиеттануы ғылымында новелла жанры бас-аяғы жинақталып, тақырыптық-идеялық тұрғыдан толық талданып, түрлері ажыратылып, кең көлемде, ғылыми

зерттеу нысанына алынып қарастырылған жоқ. Араб, парсы, үнді, қытай, жапон, грек, итальян, неміс, испан, ағылшын әдебиеті тарихында маңызды орын алатын новелла жанры біздің қазақ әдебиетінде бүгінге дейін жеке жанр ретінде айрықша сөз болып, жеке ғылыми зерттеу объектісі ретінде қарастырылмаған. Зерттеу жұмысында қазақ прозасындағы новелла жанры алғаш рет ғылыми-зерттеу нысанына алынып, оның даму, қалыптасу жолдары айқындалады. Аз сөзге салмақ салып, көп мағына жүктей білетін көлемі шағын новелла жанрының бүгінге дейін қазақ әдебиетінде жүйелі түрде зерттелмеуі жұмыстың өзектілігін анықтай түседі.

Новелладағы деталь табиғатының өзі көпфункционалды. Көркем туындының тініне ене, кіріге отырып, сюжетпен, тартыспен, кейіпкердің характерімен байланысқа түсетін деталь табиғатын зерттеп білу мәселесі әлі күнге күн тәртібінен түскен емес. Деталь мәселесі әлем және орыс әдебиеттануы ғылымында жан-жақты зерттеліп, тыңғылықты қарастырылған.

Деталь әдеби үдеріс, көркем шығармашылық табиғатымен тығыз байланыста дамиды, ежелден келе жатқан көне дүние болса да қазақ әдебиеттану ғылымында аз зерттелуі де ғылыми еңбектің өзектілігін айқындайды. Зерттеу жұмысында новеллистердің детальдың көркемдік қызметін шеберлікпен қолдану мәселесі жан-жақты қарастырылды.

Зерттеу нысаны. Әдебиеттану ғылымындағы қазақ новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі.

Зерттеу пәні. Қазақ новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі.

Зерттеудің мақсаты – қазақ новеллаларының әдебиеттану ғылымында алатын орнын, ерекшелігін, пайда болу, даму жолдарын жүйелі түрде көрсете отырып, онда кездесетін детальдың көркемдік қызметін анықтап, ғылыми айналымға ендіру. Қазақ новеллаларында кездесетін деталь түрлерін тұтас күйінде зерттеп, нақты мысалдар негізінде талдау.

Зерттеудің міндеттері:

- новелланың әдеби жанр ретінде пайда болуының негізгі бастауларын, басты жанрлық белгілерін көрсету;
- әдебиеттану ғылымындағы детальдың зерттелу хронологиясына тоқталу;
- детальдың негізгі түрлеріне жіктеме жасай отырып, нақты мысалдармен дәлелдеп көрсету;
- қазақ новеллаларында кездесетін суреттеу және психологиялық деталь түрлерін анықтап, ажырату;
- новеллалардағы көркем деталь жүйесін қарастырып, олардың эстетикалық, символикалық-семантикалық, психологиялық-эмоциялық, ментальдік қызметін анықтау.

Зерттелу деңгейі: қазақ новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі арнайы түрде отандық ғылымда диссертациялық зерттеу ауқымында қарастырылған жоқ. Бірақ, прозалық жанрларға қатысты теориялық еңбектер, әдебиет поэтикасына байланысты көптеген зерттеу еңбектері бар. Солардың қатарында А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш», Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», З.Қабдоловтың «Сөз өнері», Б.Қабдуловтың

«Художественная деталь в литературном произведении», Б.Майтановтың «Қаһарманның рухани әлемі», «Портрет поэтикасы», Г.Пірәлиеваның «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» т.б. зерттеулерді айтуға болады. Сонымен бірге, біздің жұмысымызға арқау болып отырған кейбір прозаиктер, олардың новеллалары жөнінде, ондағы әдеби кейіпкерлер, деталь хақында сын мақалалар көлемінде, тағы да басқа өзгеше аспектілерде біршама айтылғанын жоққа шығара алмаймыз. Зерттеуші Т.Рахымжановтың «Қазіргі қазақ романының поэтикасы» атты докторлық диссертациясында С.Бақбергеновтің «Қайран шешем» романы көркемдік деталь тұрғысынан; «Қазақ прозасындағы психологизм» атты ғылыми монографиясында С.Шаймерденов повестерінің поэтикасы аясында деталь мәселесі; А.Таңжарықованың «Қазақ прозасындағы этнографиялық және фольклорлық сарындар» атты докторлық диссертациясында қазақ әңгімелеріндегі көркемдік деталь, пейзаж, портрет, диалог, монолог, баяндау сынды көркемдік амал-тәсілдердің этнографиялық үрдістерді берудегі қызметі қарастырылған. Д.Мамбекова «Кәкімжан Қазыбаев прозасындағы замана тынысы» атты кандидаттық диссертациясында жазушының портрет, пейзажды қолдану барысында детальдың рөліне тоқталады.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Диссертациялық жұмысты жазу барысында 41 қаламгердің 93 новелласы зерттеуімізге негіз болды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысында алға қойған мақсат-міндеттер талабынан шығу үшін теориялық талдау, жүйелеу, жинақтау, тұжырым жасау, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдістемелік негізі ретінде бүгінгі әдебиеттану ғылымының жетістіктері алынды. Атап айтқанда А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Ш.Елеуқенов, М.Мырзахметов, Е.Лизунова, С.Мақырұлы, Б.Майтанов, Т.Рахымжанов, Қ.Ергөбек, Ж.Дәдебаев, Г.Пірәлиева, Қ.Жанұзақова; орыс зерттеушілерінен В.Томашевский, В.Е.Хализев, В.Ф.Путнин, А.Б.Есин, Е.Добин, В.А.Кухаренко, М.Щеглов т.б. ғалымдардың еңбектері мен ғылыми тұжырымдары диссертациялық жұмыстың теориялық және әдістемелік арқауы болды.

Детальды жалпытеориялық және әдіснамалық жоспарлы зерттеуде орыс әдебиеттану ғылымы көш ілгері екенін мойындауымыз қажет. Бұл бағытта Г.Поспелов, М.Храпченко, Е.Добин, С.Петров, И.А.Щирова, Л.Тимофеев, В.Кожин, М.А.Березняк, А.Соколов т.б. ғалымдардың еңбектері маңызды. Деталь мәселесі жанама түрде болса да А.Чичерин, В.Шкловский, А.Чудаков, Л.Гинзбург, Б.Галанов сынды зерттеушілер қарастырған. Ал деталь табиғатын түсініп, талдауда жазушылардың өздері де баға жетпес құнды пікірлерін, ескертпелерін, көңілге түйген ойларын айтқан еңбектер жазған ғалымдар қатарында Л.Толстой, М.Горький, А.Чехов, С.Антонов, А.Фадеевтер есімін атауға болады. Сонымен қатар, деталь мәселесіне арнап жазылған Е.Добин («Герой. Сюжет. Деталь», «Искусство детали»), В.Ковалев («Поэтика Льва Толстого»), Э.Мартинов («Художественная деталь в

литературном произведении»), Р.Шкраба («Характер. Стыль. Деталь»), З.Паперный («Деталь и образ/Чехов и Толстой»), М.Эпштейн («О значении детали в структуре образа»), В.Старикова («Деталь в формулировке Ф.Энгельса»), М.Щеглов («Верность деталей») сынды ғалымдардың зерттеулері бар.

Қазақ әдебиеттануы ғылымында деталь мәселесіне қатысты ой айтып, ғылыми маңызды пікірлер білдірген ғалымдар қатарында А.Байтұрсынұлы, Т.Ақшолақов, З.Ахметов, З.Қабдолов, Б.Кабдулов, Г.Пірәлиева, Қ.Жанұзақова есімдері аталады.

Деталь қолданысы мен қызметін саралау – қазақ новелласының бет-алыс бағдарын, көркемдік табысын айқындайды. Суреткерлердің қаһарман характерін өткірлей түсуде тұрмыстық, заттық, портреттік, жүріс-тұрыс детальдарын қиыннан қиыстырып, орнымен пайдаланатындығы байқалды. Ондағы мақсат – «детальдың мәні мен күші – кішкентай құбылысқа үлкен мағына сыйғыза білуінде».

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Жұмыстың ғылыми жаңалығы көзделген мақсат пен міндеттің іске асырылуы барысында айқындалатыны белгілі. Қазақ әдебиеттануы ғылымында алғаш рет новелладағы детальдың көркемдік қызметіне жүйелі түрде талдау жасалды. Осыған орай жұмыстың нақты ғылыми жаңалығы ретінде төмендегідей қол жеткізген нәтижелерді айтуға болады:

- зерттеу жұмысында қазақ прозасындағы новелла жанры алғаш рет ғылыми-зерттеу нысанына алынып, оның даму, қалыптасу жолдары айқындалды;

- новелла жанрының негізгі белгілері мен ерекшеліктері көрсетілді;

- қазақ әдебиетіндегі новелла жанры алғаш рет тұтастықта қарастырылып, ондағы детальдардың (заттық (тұрмыстық), пейзаждық, портреттік, іс-қимыл, тілдік) көркем шығармадағы қызметі анықталды;

- новеллистердің детальдың көркемдік қызметін шеберлікпен қолдану мәселесі жайында алғашқы ғылыми тұжырымдар жасалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар: диссертациялық жұмыстың жазылуы барысында айқындалған нәтижелер бойынша төмендегідей негізгі тұжырымдар ұсынылады:

- новелла қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар іргелі жанр;

- новелла тақырыбының, көтерілген мәселесінің әрқилылығымен құнды;

- новелланың көркемдік жүйесінде детальды шеберлікпен қолданудың маңызы зор;

- шағын жанрдағы деталь қолданысы мен қызметін саралау – қазақ новелласының бет-алыс бағдарын, көркемдік табысын айқындайды

- новелладағы деталь оқиға динамикасына ажар кіргізеді, эстетикалық әсер, эмоциялық бояуды күшейтеді,

- новелладағы деталь – әдеби кейіпкердің рухани болмысын терең ашуға мүмкіндік беретін, кейіпкер психологиясын, әртүрлі мінез қырларын танытатын көркемдік тәсіл;

- деталь новелла жанрында ақпараттық, символдық, эстетикалық, философиялық қызмет атқарады.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары 10 мақалада жарияланды. Оның ішінде 5 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған журналдарда:

- Ғабит Мүсіреповтің «Талпақ танау» әңгімесіндегі көркемдік деталь қолданысының этно-мәдени сипаты. Қазақстанның ғылым мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. ЖАК. №1 (43) 2017 ж.;

- Қ.Жұмаділовтің «Күзғынның өлімі» атты әңгімесіндегі көркемдік детальдің қолданысы. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы ғылыми журналы, №1 (59) (Алматы, сәуір, 2017 ж);

- Тынымбай Нұрмағанбетовтың «Бөрібайдың тымағын ит алып қашқан қыс» әңгімесіндегі этно-мәдени сипатты көркемдік детальдар. «Қазақстанның ғылым мен өмірі». Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. №2 (43) (Алматы, 2017ж);

- Қазақ прозасындағы детальдың көркемдік қызметі. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Хабаршысы. № 372 (2018);

- Бейімбет Майлин новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы ғылыми журналы, №4 (66) (Алматы, 2018 ж).

4 мақала отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланды:

- Прозадағы көркемдік деталь қолданысының авторлық мақсаттағы орны. «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. 15 Наурыз, 2017ж. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, ҚР Ұлттық кітапханасы;

- Қазақ прозасындағы этно-мәдени құбылыстың деталь арқылы ашылуы. «Гуманитарлық ғылымдағы ізденістер мен жаңалықтар» атты докторанттар мен магистранттардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. 12 сәуір, 2017ж.;

- Қазақ новеллаларындағы портреттік деталь түрлері мен қызметі. Көрнекті қаламгер Қайнекей Жармағанбетовтің туғанына 100 жыл толуына арналған «Қайнекей Жармағанбетов шығармашылығы және қазіргі әдеби үдерістің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция. Алматы, 28 қараша 2018ж. Абай атындағы ҚазҰПУ.

- Қазақ прозасындағы этно-мәдени сипатты көркемдік детальдің қолданылуы. «I-ші Евразиялық Тіл білімі және Гуманитарлық ғылымдар конференциясы (1st Eurasian Conference on Language and Social Sciences), ECLSS 2017 Сиде/Анталия қаласы, Роехамптон Университеті (Англия), Даугавпилс (Латвия), Абай атындағы ҚазҰПУ (Қазақстан) және Йенілікчі Адымлар (Түркия) Түркия, Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. Мамыр 22-24, 2017 ж.

1 мақала Scopus базасында тіркелген ғылыми журналында жарық көрді:

-Artistic function of detail in Kazakh prose. Opcion-2018.-V.34.-Special Issue 15. -P. 1265-1294. ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы: Диссертация нормативті сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.